

**«Бал-Ана» бөбекжай бала- бақшасы жеке мекемесінің өткізілген өндірістік
жиналыстың**

№ 1 мәжіліс хаттамасы

Өткізілген күні: 06 - қыркүйек 2022 жыл

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі А.Бердібаева әдіскер, шаруа меңгерушісі, медбике, аспаздар ,бөбекжай тәрбиешілері, тәрбиеші көмекшілері және т.б. барлық бөбекжай қызметкерлері

Қатысқандар саны: 11 адам

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

- 1.Барлық қызметкерлерді лауазымдық міндеттерімен таныстыру
- 2.Жұмыс орнындағы техника қауіпсіздігі және бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулармен таныстыру
- 3.Ішкі еңбек тәртібі, жұмыс кестесі күн тәртібімен таныстыру

Өндірістік кеңесті бөбекжай меңгерушісі Бердібаева Ақбөпе Мейірбекқызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі қаралатын бірінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі Бердібаева Ақбөпе сөйлеп, қызметкерлерді лауазымдық міндеттерімен таныстырды.Әр қызметкердің нені орындауы керектігі жайлы түсіндіріп, лауазымдық міндеттеріне жауапкершілікпен қарауды айтты.

Сөйледі: күн тәртібіндегі қаралатын екінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Рустемова Элмира сөз сөйлеп, жұмыс орнындағы техника қауіпсіздігі және ұйымдастырылған оқу қызметі, серуен, топта болған уақытта әр қызметкер өз жұмыс орнындағы сақтық шараларын сақтауды және аса маңызды бала өмірі мен денсаулығын қорғаудың нұсқаулықтарымен таныстырып, айтып өтті.

Жарыссөзге шыққандар: бөбекжай медбикесі Купекова Камшат сөйлеп, әсіресе осындай карантиндік шектеу шаралары кезеңінде баланың бөбекжайда болған уақыттағы санитарлық - гигиеналық талаптардың сақталуы маңызды екенін айтты.

Сөйледі: күн тәртібіндегі қаралатын үшінші мәселе бойынша бөбекжайдың кәсіподақ комитетінің төрайымы Рустемова Элмира сөйлеп, ішкі еңбек тәртібі мен ішкі күн тәртібімен таныстырды. Бөбекжайда еңбек тәртібінің маңыздылығы жайлы айтып, ішкі тәртіп сақталмаған жағдайда бала өміріне қауіп төнетінін жайлы айтып өтті.Бөбекжайдың ішкі еңбек тәртібінің ережесі мен жұмыс кестесімен таныстырып, бекітуге ұсыныс айтты.Бұл ұсынысты бөбекжай қызметкерлері түгел қолдады.

Өндірістік кеңестің шешімі:

- 1.Бөбекжайдың барлық қызметкерлері лауазымдық міндеттерімен таныстырылып, өз міндеттерін орындасын.

2. Жұмыс орнындағы техника қауіпсіздігі және бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулар талаптары сақталынсын.

3. Ішкі еңбек тәртібі, жұмыс кестесі, күн тәртібі бекітілсін.

Кенес төрайымы

Хатшы:



А.Бердібаева

Сариева М

**«Бал-Ана» бөбекжай бала- бақшасы жеке мекемесінің өткізілген өндірістік
жиналыстың**

№ 2 мәжіліс хаттамасы

Өткізілген күні: 09 - қараша. 2022 жыл.

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі Ақбөпе Бердібаева , әдіскер, шаруа меңгерушісі, медбике, аспаздар ,бөбекжай тәрбиешілері, тәрбиеші көмекшілері және т.б. барлық бөбекжай қызметкерлері

Қатысқандар саны: 36 адам

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

- 1.Стандарт талаптарына сай топтарды жабдықтау.Жиһаздардың ахуалын тексеру,қауіпсіз жағдай жасау.
2. Шынықтыру –сауықтыру жұмыстарының барысы,жұмыстарының барысы, жарақаттың алдын алу үшін нұсқаулар жүргізу.
3. Балаларға ауру сырқаулық талдау жасау.
- 4.Ұжымда дұрыс психологиялық ахуал құру.Еңбек тәртібі.

Өндірістік кеңесті бөбекжай меңгерушісі Ақбөпе Бердібаева ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Тыңдалды: Өткен өндірістік кеңес шешімдерінің орындалуы туралы айтып өтіп, қорытындылады.

Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжайдың шаруа меңгерушісі К.Жылхадаров сөйлеп, стандарт талаптарына сай топтарды жабдықтау,жиһаздардың ахуалын тексеру,қауіпсіз жағдай жасау туралы айтты.Топтарды жабдықтау ережеге сай, яғни Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің №615 қаулысына сай санитарлық - эпидемиологиялық талаптарға сәйкес жүргізіледі.Жиһаздардың сынық болмауы ,мықты бекітілуі,қауіпсіз жағдайда болуы күнделікті бақылауда болып, тексеріліп отырылады.Тәрбиешілердің,тәрбиеші көмекшілерінің,медбикенің топтарда қауіпсіз жағдайдың болуы керек екеніне жауапты екенін айтып өтті.

Сөйледі: күн тәртібіндегі қаралатын екінші мәселе бойынша бөбекжай медбикесі Купекова Камшат сөйлеп, шынықтыру- сауықтыру жұмыстарының барысы туралы және жарақаттың алдын алу үшін жүргізілетін нұсқауларды таныстырды.Балалар жарақат алмауы үшін, алдын ала балалардың ойын бөлмесінің, жатын бөлмесінің, ауланың т.б.

**«Бал-Ана» бөбекжай бала- бақшасы жеке мекемесінің өткізілген
өндірістік жиналыстың**

№ 3 мәжіліс хаттамасы

Өткізілген күні: 25 - сәуір 2023 жыл.

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі Ақбөпе Бердібаева , әдіскер, психолог шаруа меңгерушісі, медбике, аспаздар ,бөбекжай тәрбиешілері, тәрбиеші көмекшілері және т.б. барлық бөбекжай қызметкерлері

Қатысқандар саны: 11 адам

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Жаз мезгілінде азық-түлік пен тамақтар сапасын арттыру. «10-күндік ас мәзірін құру
2. Тазалық, тамақтану, дезинфекция, ережесін сақтау. Шұғыл бақылау
3. Балабақшаның ағымдағы жөндеуі туралы

Тыңдалды: Өндірістік кеңесті бөбекжай меңгерушісі Бердібаева Ақбөпе Мейірбекқызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Өткен өндірістік кеңес шешімдерінің орындалуы туралы айтып өтіп, қорытындылады.

Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжайдың медбикесі Купекова Камшат сөйлеп, жаз мезгілінде азық-түлік пен тамақтар сапасын арттыру және «10-күндік ас мәзірін құру туралы сөйледі. Жаз мезгілінің ас мәзіріне жемістер мен көкөністер, әр түрлі дәрумендер қосылған салаттар қосылатынын және нормасы көбейетенін айтты. 10 күндік ас мәзірін құруда осы айтылғандар қосылып, 10 күнде бір тағам түрі қайталанбайтынын және жаз мезгілінің ас мәзірі дәрумендермен толықтырылатынын айтып өтті.

